## Науырзым ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Науырзым ауданы мәслихатының 2020 жылғы 21 мамырдағы № 351 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 28 мамырда № 9226 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы мәслихатының 2021 жылғы 31 тамыздағы № 52 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы мәслихатының 31.08.2021 № 52 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 19-1-бабы 1), 2) тармақшаларына сәйкес Науырзым аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған Науырзым ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қоса беріліп отырған Науырзым ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы, аудандық мәслихаттың хатшысы* *Г. Абенова*

Науырзым
аудандық мәслихатының
2020 жылғы 21 мамырдағы
№ 351 шешіміне
1-қосымша

### Науырзым ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

| № | Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер | Есептік бірлік | Коммуналдық қалдықтардың жинақталуының жылдық нормасы, м3 |
|---|---|---|---|
| 1 | Жайлы үйлер | 1 тұрғын | 0,70 |
| | Жайлы емес үйлер | 1 тұрғын | 0,75 |
| 2 | Қонақ үйлер | 1 орын | 0,52 |
| 3 | Балабақшалар, бөбекжайлар | 1 орын | 0,29 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4 | Мекемелер, ұйымдар, байланыс бөлімшелері | 1 қызметкер | 1,05 |
| 5 | Емханалар | 1 келіп кету | 0,0013 |
| 6 | Ауруханалар | 1 төсек-орын | 0,65 |
| 7 | Мектептер және өзге де оқу орындары | 1 оқушы | 0,16 |
| 8 | Мейрамханалар | 1 отыратын орын | 0,26 |
| 9 | Стадиондар | жоба бойынша 1 орын | 0,01 |
| 10 | Спорт залдары | жалпы алаңы 1м² | 0,14 |
| 11 | Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері | сауда алаңы 1м² | 0,20 |
| 12 | Дәріханалар | сауда алаңы 1м² | 0,14 |
| 13 | Автожанармай құю станциясы | 1 машина-орын | 3,3 |
| 14 | Тігін ательесі | жалпы алаңы 1м² | 0,10 |
| 15 | Моншалар | жалпы алаңы 1м² | 0,18 |

Ескерту:

м3 - текше метр;

м2 - шаршы метр.

Науырзым
аудандық мәслихатының
2020 жылғы 21 мамырдағы
№ 351 шешіміне
2-қосымша

## Науырзым ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер

| Атауы | 1 м3 арналған тариф (қосылған құн салығынсыз) (теңге)* | | |
|---|---|---|---|
| | Жинау және әкету | Көму | Барлығы |
| Жеке және заңды тұлғалар (1м3 үшін) | 1 363,49 | 1 030,16 | 2 394 |

Ескерту:

м3 - текше метр;

*қоршаған ортаға эмиссия төлемінсіз.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК